

10- рухани әндердің тексти

Міне, қандай көп туыс, Керек емес басқасы. Ыстық сәлем жолдаймыз, Мәсіхшілер отбасы.

Олар бізге тым ыстық, Мәсіхтегі бауырлар. Тілейміз біз тыныштық, Амансың ба, бар достар!

Қ-сы: Мадақ достыққа киелі, Жүрекке жылы тиеді. Ағайындарын көргенде, Шешілді сырдың тиегі.

2. Сарбарзады Мәсіхтің, Келдіңдер ме, бауырлар?! Жеткен ізгі хабарың, Аман ба, ел, ауылдар?

Әпкелердің жүзінен, Мейірімділік төгілген, Киелі достығымыз, Ол Мәсіхтен берілген!

Ыбрайымның Құдайы, Біз үшін қан төккен. Құрбандыққа Иса келді көктен.

Қ-сы: Тағзым етіп алдына келемін, Әділетті Патшамның. Тағзым етіп алдына келемін,

Мейірімді Патшамның

2. Сүйіп бізді құтқарды, Тәңіріміз ұлы. Мәңгі тірі сөздері тиеді жылы.

3. Тәңір Сенің рақымың, Тыныштық береді.. Жарық, нұрың жаныма ең керегі.

Ей, өмірім-ай! Сен бізді ойландырдың. Тіршілік келр әлі аттырып таңдарыңды.

Күн кештік ойланумен, күн кештік толғанумен, Құдай жоқ дегендердің барлығы, жүрсіңдер

алданумен. Бір кезде сұрақ туар, артында түннің күн бар? Иесіз зат бола ма дүниеде, кезі келсе соны ұғар.

2. Ей, өмірім-ай! Сен бізді аяладың. Тағдырдың сан жолында Сен бізді

аямадың. /Біз Сенің бір қойынбыз, адасып жұртта

қалған. Салқын жел тоңдырып жүр біздерді, тапсаңшы О, Жасаған!/ 2р

3. Ей адамзат-ай! Сен өткір дана едің. Ғасырлар бойы өзің, ойыңды шыңдап келдің /Сен неге жүрегіңнен Құдайды итересің? Ал ертең жанға жай таппай қалсаң Құдайды сонда іздерсің/ 2р.

4. Ау, досым, қуана бер Құдайға келгеніңе, Біз мәңгі борыштамыз Сол Ұлы Иемізге. /Ием саған не арнадым жұмбақ толы өмірімнен, Болашақ рухымның келбетін көремін бір Өзіңнен/ 2р.

Кімнен көңлің қалды өмір сүргің келмей? Жүрек құлазыды кешірімін бермей. Есіңе ал енді

Исаның азабын, Бетіне түкірді көрсетіп мазағын. Адамдарды сүйді, жақсылық сыйлады,

Қабылдап үкімді айқышта қиналды.

Қ-сы: Оның Кім екенін өте кеш біледі, Адамдар өзегін өкініш тіледі. Ұмыта алмайсың мейірімді жанарын, Айқыштан кешіріп қарадың.

2. Тікен тәж басыңда, қан жапты бетіңді, Көз тіктің аспанға түсінер Өзіңді. Шулады бәрі де өліміңді күтіп, Айғайлап әлі де амалдары бітіп. «Түс» - дейді – «айқыштан» айқайы жұрттардың, Егер

Құдай болсаң Өзіңді құтқарғын.

3. Бұдан қорқынышты ештеңе жоқ шығар, Қараңғылық басты, жер жоқ енді бұғар. Оң жағында тұрған жазасы тым қатты. Оны мойындаған қарақшы тіл қатты: «Сол жарық өлкеде еске ал дер едім, Құдай екеніңе күмәнсіз сенемін».

Күйе басқан шырағыңның шынысын тазалағын. Жарық қыл үйдің ішін, қараңғы қаптамасын.

Қ-сы: Сұраймын, бауырларым, сұраймын, біртуғаным, Тазалашы жүрегіңді Исаның сөздерімен.

2. Қанша үй қараңғыда, күнәнің тұтқынында. Іздейді өмір суын, айтып бер сұрағанға.

3. Жарқырайды үйдің іші, қолымда Киелі Інжіл. Оқимын Тәңір сөзің, ішемін өмір суын.

Қ-сы: Тазартты жүрегімді, жоқ қылды күнәларды. Тәңірімнің жүзі өткір қылышы, қылышы.

Жүрегімді өзгерт, о Құдай Ием, Саған ұқсайын, о, Тәңір Ием. Шын болсын мәңгі, о Құдай Ием, Өзіңе ұқсат, о Тәңір Ием.

Қ-сы: Қыш құюшысың Сен, Мені жаратқан, Жүрегімді Өзгерт, Саған жалынам.

Түнекте мен жалғыз жүрдім, Есік таппасымды білдім, Қараңғыдан (қараңғыдан). Бір жарық жұлдыз нұр төкті, Жолымды маған көрсетті, Ердім Оған (ердім Оған).

Қ-сы: Жүректен шықты алғыстар, Саған арналды мадақтар, Тек Сенің даңқыңды көтеріп Жар саламыз біз. Иса біздің Тәңіріміз, Жарқыраған жұлдызымыз, Шынайы жолды көрсететін Иса Иеміз.

2. Енді мен еш қиналмаймын, Өйткені жанымда Тәңір, Жар болады (жар болады). Иса Сен менің тірегім, Мәңгі Құдайсың білемін, Аспандағы (аспандағы).

3. Сенімің әрқашан болса, Жұмақтан орын аласың, О, бауырым (о, бауырым). Иса Өз құшағын ашып, Сені де қарсы алады, Қуанышқа сен толасың.

Қанатыңның астында алаңсыз, Тыныштықта боламын мен, Тәңір. Сол жерден мықты қорған табасыз, Мейіріміне кенелер өмір.

Қ-сы: \Қанатының\ (3р) астында.

2. Қанатыңның астына тығылам, Менің берік баспанам Өзіңсің. Кеш түсіндім, білмедім бұрыннан, Шексіз Сенің сүйіспеншілігің.

3. Алаңсыз өмір сүргің келе ме? Исаның соңынан сен қаламай ер. Тағдырыңды қолына бергін де, Оның қанатының астына кел.

Келгін, келгін. Сені Иса біледі, келгін, Құтқару тек тілегі, Жүректі аш кіреді, Бірге өмір сүреді, келгін.

2. Келгін, келгін. Нәзік үнін естігін, келгін. Сөзін тыңда жалықпа, Шақырады жарыққа Өз жолыңды анықта, келгін.

3. Келгін, келгін. Тыныш өмірге енгін, келгін. Құтқарушыға сенгін, Қолыңды Оған бергін, Рақымдылығын көргін, келгін.

Бар әлемді жаратқан құдіретті Құдай, Жалғыз Өзің өмірімді менің өзгерттің.

Мәңгі жырлаймын енді Сенің ұлы ісіңді, Сенің шексіз рақымыңды маған сыйлаған.

Қ-сы: Саған Құдай мадақ пен даңқ болсын, Басымды Саған ғана иемін. Саған Құдай өмірім арналсын, Қабыл ал дұғамды сиынам мен.

2. Бар әлемді жаратқан құдіретті Құдай, Сенсің маған түнекте жарық сыйлаған.

Шексіз мейіріміңді жүрекке сездірдің, Қызмет етемін шын жүрекпен тек Саған.

Жүзген кемедей өмір білінбей, зымырап өте шығар. Не күтер алда, толқын бар жолда

Кейде құзға ұрар. Сен де, мен де, біз, мүлде білмейміз, Тек Құдай ғана білер, Уақыт та келер біз көкті көрер, Бар арман орындалар.

Қ-сы: О, қайда сол жұмақ төрі, Тек сонда болғым келеді, Жарық мәңгі сөнбес жерде.

Өлім, қайғы болмас елде. О, қайда сол жұмақ төрі, Достарымның болар бәрі, Тоқталмас бала күлкісі, Шаттық үні.

2. Жаз да өтеді, қыс та жетеді, Уағымен, көп күттірмей. Жастық тұрмайды, жылдар ұрлайды, Қарттық келер білдірмей. Күш біткен кезде, үміт жоқ өзге, Тек көкке көз тігерміз.

Арман боп келген, үмітпен сенген, Жарық жұлдыз көреміз.